

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Березов ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 21 мамырдағы № 5 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 23 мамырда № 5413 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Березов ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 24 қыркүйектегі № 11 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Березов ауылдық округі әкімінің 24.09.2019 № 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қызылжар ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 11 сәуірдегі № 01-11/35 ұсынысы негізінде, Березов ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Березов ауылдық округінің Гончаровка ауылында "Гончаровка" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылқы фермасы аумағында жылқыларда ринопневмония ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Березов ауылдық
округінің әкімі*

А. Дәуренбеков